Шымкент қалалық білім басқармасының «№138жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа №138» управления образования города Шымкент

160023 Шымкент қ. Асар-2 м/а у/й Телефон 8(7252)27-84-10 E-mail: 138mektep@mail.ru

**БҰЙРЫҚ**
**2023 жылғы 02 қазан**
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**
**№ 226**
**город Шымкент**

**«Құқықтық тәрбие» туралы**

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында тәртіпсіздік пен құқықбұзушылықтың, жол қозғалысы саласындағы құқықбұзушылықтың болдырмау және алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған «Құқықтық тәрбие» бойынша іс-шара жоспары жасалып, бекітілсін.

2. «Құқықтық тәрбие»бойынша 1-10 сыныптар аралығында әңгімелер, баяндамалар, тәрбие сағаттарын және ашық тәрбие сағаттарын, дөңгелек үстелдер т.б. ұйымдастыру пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.С.Ашимов пен С.А.Кулшыкбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры: Турлыбеков**

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:
Мектеп директорының у.м.а:
[illegible]

**№138 жалпы орта білім беретін мектебі**
**Құқықтық тәрбие жұмысының жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Атқарылатын іс-шара | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Құқықтық тәрбие жоспарын құру, бекіту | қазан | **Әкімшілік<br>Тарих ӘБ** |
| 2 | ҚР «Кәмелетке толмаған балалардың тәртіп бұзушылығын алдын-алу» Заңмен таныстыру<br>Сотсіз, қауіпті топ, ерекше назардағы оқушыларды анықтап үнемі қадағалау жұмыстарын жүргізу | **қараша** | **ДТЖО<br>Инспектор<br>Сынып жетекшілер** |
| | Сынып сағаттарында маскүнемдік, нашақорлық, шылым шегушілікке қарсы іс-шаралар өткізу | **жоспарға сай** | **Сынып жетекшілер** |
| | ҚР «Балалар құқығы туралы конвенция» түсіндіру жұмыстарын жүргізу | **қараша** | **ДТЖО<br>Инспектор<br>Сынып жетекшілер** |
| | ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы. Дөңгелек үстел өткізу | **қараша** | **ДТЖО** |
| | «Заң білмеу –жауапкершіліктен босатпайды» Мектеп инспекторының жұмыс | **қараша** | **ДТЖО<br>Инспектор<br>Сынып жетекшілер** |
| | Жасөспірім арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу Баяндама | **желтоқсан** | **ДТЖО<br>Инспектор<br>Сынып жетекшілер** |
| | «Қылмыс және жеткіншек» Дөңгелек үстел | **қаңтар** | **Сынып жетекшілер** |
| | «Жасөспірім және заң» тақырыбында пікір алмасу өткізу | **ақпан** | **ДТЖО<br>Инспектор<br>Сынып жетекшілер** |
| | 8-10 оқушылары арасында нашақорлық пен темекі шегуге қарсы арналған сауалнама жүргізу | **наурыз** | **ДТЖО<br>Инспектор<br>Сынып жетекшілер** |
| | Сынып сағаттары «Баланың ар намысын қорғауға, өз құқығын білуге тәрбиелеу» | **сәуір** | **ДТЖО<br>Инспектор<br>Сынып жетекшілер** |
| | Тест «Өз құқығың мен міндеттеріңді білесің бе?» | **мамыр** | **ДТЖО<br>Инспектор** |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары : Б.С.Ашимов
С.А.Кулшымбаева

Сканировано с CamScanner

**Х а т т а м а**

**Мектеп оқушыларының, жалпы жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу жиналысы болып өтті.**

Өткен жері: акт залы
Өткен уақыты: 19.09.2023 жыл
Қатысқан 8-11 сынып оқушылары.
Барлығы оқушы :68
Қатысқан мұғалімдер: 15

**Күн тәртібінде:**

1. Жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу

**Тыңдалды: Мозбаев А - мектеп инспекторы**

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады.
Соңғы жылдары жаңа есірткілердің үздіксіз ағымы жүріп жатыр, ел бойынша пошта жөнелтілімдерімен таралады, ал тікелей сауда Интернет желісі арқылы жүргізіледі. Атауы осы есірткінің сленге: спайсы және тұздары. Олармен күресу қиын, өйткені оларды кешіктіріп тыйым салынған тізімге енгізеді, сонымен қатар тарату интернет арқылы жүреді және ұйымдастырушылардың өздері есірткіге қол тигізбейді. Негізгі тұтынушылар-жастар. Бұл препараттар өте қауіпті, өйткені олар қол жетімді, қолдануға оңай және ең алдымен психикаға әсер етеді.

Жастар арасында жиі кездесетін есірткі-JWH темекі қоспалары (жоспар, дживик, спайс, микс, шөп, көк, кітап, журнал, бошки, бас, палыч, қатты, жұмсақ, құрғақ, химия, пластик, шөп, жабысқақ, шие, шоколад, шашырау, регги, түтін, жасыл жалау, лапка, плюха және т.б.) каннабиноидтардың синтетикалық аналогтары, бірақ бірнеше есе күшті. Препараттың әсері 20 минуттан бірнеше сағатқа дейін созылуы мүмкін. Жөтелмен (шырышты қабығын күйдіреді), құрғақ аузымен (сұйықтықты үнемі қолдану қажет), бұлыңғыр немесе қызарған көздің ақуызы, үйлестірудің бұзылуы, сөйлеу ақауы (летаргия, ұзартылған магнитофон пленкасының әсері), ойлаудың тежелуі, бозару, тез импульс, күлкі.

Сканировано с CamScanner

Дозаны есептеу мүмкін емес болғандықтан (әртүрлі формулалар, формулалар, концентрация) артық дозалану мүмкін, олар жүрек айнуымен, құсумен, бас айналумен, қатты бозарумен, есін жоғалтқанға дейін жанөлімге әкелуі мүмкін.

**Тыңдалды : Б.С.Ашимов– ДТІЖО**

Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және оңымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Тұтынғаннан кейін, бірнеше күн және одан да көп:

- жалпы физикалық жағдайдың төмендеуі;

- назардың шоғырлануы;

- апатия (әсіресе жұмысқа және оқуға);

- ұйқының бұзылуы;

- көңіл-күйдің өзгеруі.

Негізгі белгі – жасөспірім сабақтарды өткізіп жібере бастайды, үлгерімі төмендейді, әдетте оқу орнына баруды тоқтатады. Барлық уақытта өтірік айтады. Достары пайда болады, олар туралы айтпайды. Олармен телефон арқылы сөйлескен кезде ол басқа бөлмеге кетеді немесе кейінірек теремін дейді. Ашуланшақтық пайда болады, кез-келген маңызды әңгімелерден кетеді, ата-аналармен байланыстан кетеді, телефондарды өшіреді.

**Шешім етеді :**

1. Жасөспірімдер арасында нашақорлық туралы түсінік жұмыстары жүргізіліп, алдын алу шаралары күшейтілсін.
2. Сынып жетекшілер үнемі ата аналар байланысы жандандырылсын.

Мектеп директорының у.м.а А.Турлыбеков

Хатшы: А.Жәрдембаева

Сканировано с CamScanner

Хаттама№

Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты№38 жалпы орта білім беретін мектепте **"Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу"** жиналысы өткізілді.

Өтетін жері: Акт залы

Өткен уақыты:14.11.2023ж

Қатысқан оқушылар: 9-10-11 сынып оқушылары

Қатысқан оқушылар саны: 210

**Күн тәртібінде:**

1.Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу

2.Қылмыстың, зорлық-зомбылықтың алдын алу

3.Суицидтің алдын алу

4. Нашақорлықтың, адам саудасының алдын алу

5. Кибербуллингтің және буллингтің алдын алу

6.Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

7.Э лектрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу.

**Тыңдалды:**

1. Шымкент қаласы, полиция департаменті Анықтау басқармасының бастығының орынбасары полиция полковнигі Куралбаев Исфандияр Толегенович
3. Шымкент қаласы полиция департаменті Анықтау басқармасының аға анықтаушысы полиция капитаны Тастемирова Ақбота Еркінқызы
4. Шымкент қаласы, Абай АПБ ЖПҚБ ЮПП УПИ инспекторы полиция майоры Момбаев Алмасбек Аскарбекович
5. ДТЖО: Б.С. Ашимов. С.А.Кулшыкбаева
6. Психолог мамандар: Асанова Мадина, Кенес Мөлдір
7. 9-11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Шымкент қаласы полиция департаменті Анықтау басқармасының бастығының орынбасары полиция полковнигі Куралбаев Исфандияр Толегенович сөз алып, бүгінгі күннің басты

Сканировано с CamScanner

мәселесінің бірі, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын- алу мақсатында болдырмау шараларын қарау.

Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы. Алдын - алу жұмысының нәтижелі болуы алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталуынан ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге де байланысты. Әр қылмыстың артында қатал жазаның тұрғанын ата-аналар да, жасөспірімдер де түсінуі тиіс. Сонда ғана қылмыс азаяды. Айта кетейік, заңға сай баласының тәртібіне салғырт қараған ата-аналар да әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы " Кодексінің

1. 127-бап «Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау»;
2. 442-бап «Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі мезгілде ойын-сауық орындарында отырмауы»;
3. 443-бап «Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің заңды өкілдерінің ерік жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде жүрмеуі» ;
4. 435-бап «Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық» туралы заңдарымен толық таныстырып өтті.

Сонымен бірге жасөспірімдер арасында әлімжеттік көрсетіп жатқан оқушылар болса сенім жәшігіне хат жазуға болатынын айтып, қылмыстық жауапкершілікке 14 жастан бастап тартылатынын, балалардың ата-аналарын әкімшілік жазаға тартатыны туралы, балалар колониясы туралы жан-жақты түсіндіріп, толық мағлұмат берді.

Сонымен қатар адамның ең негізгі құқығы – оның өмір сүруге және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы екендігін айта отырып, біздің елімізде азаматтардың барлық құқықтарының сақталуына ҚР Ата Заңымен қатар біріқатар арнайы заңдар қабылданып, құқықтық білімін жетілдіру, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру,бірінші бағытта болуы керек екендігі айтылды.Олармен құқық қорғау органдары жұмыс жасауда екені түсіндірілді.

**Тыңдалды**: ДТЖО- Б.С. Ашимов сөз алып, балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар адамгершілік - рухани және жыныстық тиіспеушілік дағдыларын дамыту принциптерінің басымдығына сүйеніп, құқықтық білімін жетілдіру, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде әлеуметтік және тұрмыстық

Сканировано с CamScanner

зорлық - зомбылықтың алдын - алу, оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылыққа тәрбиелеу, олардың бойында адами сана - сезімді қалыптастыру, бірінші бағытта болуы керек екендігі айта келе, ата - аналар тарапынан балаларына қатаң қадағалау мен мектеп арасында тығыз байланыста болғанда ғана келеңсіз оқиғалар мен құқықбұзушылықтың алдын - алуға болатындығын айтып, өз сөзін қорытындылады.

**Тыңдалды**: Мектеп психологы М.Асанова сөз алып: мектеп оқушыларына *«Буллинг және Кибербуллинг»* туралы айтты. *Буллинг дегеніміз* – әлеуметтік желі арқылы танысу арқылы қорқыту, зорлық көрсету, психологиялық шабуыл жасау, түрлі суреттер сұрау арқылы ақша талап ету, әсіресе кәмелеттік жасқа толмаған оқушыларға қауіпті екендігін түсіндіріп айтты. Сонымен бірге жасөспірімдер арасында әлімжеттік көрсетіп жатқан оқушылар болса сенім жәшігіне хат жазуға болатынын айтып, қылмыстық жауапкершілікке 13 жастан бастап тартылатынын, балалардың ата - аналарын әкімшілік жазаға тартатыны туралы, балалар колониясы тур[illegible] түсіндіріп, толық мағлұмат берді.

**Шешім етеді:**

1. Алдағы уақытта да осындай профилактикалық іс-шаралардың жүргізілетіні айтылды.
2. Сынып жетекшілердің ата - аналармен тығыз байланыста болу керек екенін ескертті.

Мектеп директоры: Б.С. Жуманов

Хатшы:А.Жәрдембаева

Сканировано с CamScanner

## №138 жалпы орта білім беретін мектебі



# «Құқық бұзыушылықтың алдын-алу»

**Психологиялық баяндама:  Жасөспірім оқушылармен**

Сканировано с CamScanner

**№138 жалпы орта білім беретін мектебі**

**Тақырыбы:**

# «Қылмыс және жеткіншек»

5-6 сынып

2023-2024 оқу жылы

Сканировано с CamScanner